

Теңіз-Қорғалжын өңіріндегі тарихи ескерткіштердің зерттелуі: жаңа мәліметтер

© 2021 г. Төлегенұлы Қ., Кукушкин А.И., Құлжанова Б.Т.

Keywords: Lake Tengiz, Korgalzhyn, Bytygay settlement, Nura, Siberian chronicles, Silk road, historical monuments, expeditions

Түйін сөздер: Теңіз көлі, Қорғалжын, Бытығай қалашығы, Нұра, Сібір жылнамалары, Жібек жолы, тарихи ескерткіштер, экспедициялар

Ключевые слова: озеро Тенгиз, Коргалжын, городище Бытыгай, Нұра, Сибирские летописи, Шелковый путь, исторические памятники, экспедиции

Kazhymurat Tolegenuly¹, Alexey Kukushkin², Bakhytgul Kulzhanova¹

¹Master of Humanities, «Historical and Cultural Museum-Reserve «Bozok»,
Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: tkazhymurat@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD), Senior Researcher, E.A. Buketov Karagandy University,
Karagandy, Kazakhstan. E-mail: sai@ksu.kz

¹Researcher, State Historical and Cultural Museum-Reserve «Bozok»,
Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: b_kulzhanova@mail.ru

Study of historical monuments of the Teniz-Korgalzhyn region: new data

Abstract. The territory of Tengiz-Korgalzhyn possesses the richness and diversity of the Nura River, Lake Tengiz and the shallow waters of Korgalzhyn. This area is full of historical monuments. Among them are such monuments as Bytygay, Sulu tam, Syrly tam, Alyp tomar, Bepakir, Zhanibek-Shalkar. The first studies were carried out here in 1950–1970s by the Central Kazakhstan archaeological expedition led by A.Kh. Margulan, by the expedition of the Eurasian National University under the leadership of M. Eleuov in 2000, as well as by the expedition of the RGK “Kazrestavratsia” under the leadership of M. Sembin in 2007. And also new data were obtained during the research of the Esil archaeological expedition under the leadership of M. Khabdulina. In the field season of 2021, employees of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Bozok” under the leadership of S. Sakenov and M. Sembi, carried out archaeological excavations on the territory of the medieval settlement Bytygay. The research results bring new data on the urban culture of the Middle Ages in the region. The study of archaeological and cultural monuments remains a topical issue in historical science. Special attention should be paid to military topographic, ecological, seismic-geological maps, etc. It is important to use common geographical names. It should be noted that historical and political events in this area are directly related to the names of settlements and historical monuments, which, on the one hand, were involved in the process of decisive events of the Great Steppe, on the other hand, were important in shaping the future of the Kazakh people. Our short article is an analysis of archival sources from various industries that were rarely used previously in historical works.

Acknowledgement: The publication was prepared within the framework of program-targeted financing of the Committee of Culture of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan, IRN of the project is BR10164212.

For citation: Tolegenuly K., Kukushkin A., Kulzhanova B. Study of historical monuments of the Teniz-Korgalzhyn region: new data. *Kazakhstan Archeology*. 2021, 4 (14), 92–104 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2021.4.14.92.104](https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.92.104)

**Төлегенұлы Қажымұрат¹, Кукушкин Алексей Игоревич²,
Құлжанова Бақыткүл Темірбайқызы¹**

¹гуманитарлық ғылымдарының магистрі, «Бозок» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РҚМК, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. E-mail: tkazhymurat@mail.ru

²философия докторы (PhD), аға ғылыми қызметкер, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Қарағанды қ., Қазақстан. E-mail: sai@ksu.kz

¹ғылыми қызметкер, «Бозок» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РҚМК, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан. E-mail: b_kulzhanova@mail.ru

Аннотация: Теңіз-Қорғалжын өңірінің ландшафтiсi бай және алуан түрлi жануарлар мен өсiмдiктерге толы. Бұл аумақта тарихи-мәдени мұраның көптеген ескерткiштерi шоғырланған. Олардың арасында Бытығай, Сұлу там, Сырлы там, Алып томар, Беспакыр, Жәнiбек-Шалқар секiлдi ескерткiштер бар. Өңiрдегi алғашқы барлау-зерттеу жұмыстарын 1946–1974 жж. белгiлi ғалым Ө.Х. Марғұланның жетекшiлiгiмен Орталық-Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргiздi. 2000 ж. М.Е. Елеуовтiң жетекшiлiгiмен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетi ұйымдастырды, ал 2007 ж. М.К. Сембиннiң жетекшiлiгiмен «Қазқайтажаңарту» РМҚК ұйымдастырған экспедициясы бiршама зерттедi. М.Қ. Хабдулинаның жетекшiлiгiмен жүргiзiлген Есiл археологиялық экспедицияның зерттеу жұмысы барысында жаңа мәлiметтер алынды. 2021 ж. далалық маусымында РМҚК «Бозок» мемлекеттiк тарихи-мәдени музей-қорығы» С.К. Сакенов пен М.К. Сембi жетекшiлiгiмен ортағасырлық Бытығай қалашығының аумағында археологиялық қазба жұмыстарын бастады. Жұмыс барысында әскери-топографиялық, экологиялық, сейсмо-геологиялық карталарға ерекше көңiл аударылды. Бұл өңiрдiң тарихи және саяси оқиғалары елдi мекен және тарихи ескерткiштердiң атауларымен тiкелей байланысты, өйткенi олар бiр жағынан Ұлы даланың негiзгi оқиғалар үрдiсiне қатысты, екiншi жағынан келешекте қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарғандығына баса көңiл бөлгенiмiз жөн. Зерттеу жұмысы тарихи еңбектерде бұған дейiн сирек пайдаланылған әртүрлi бағыттағы архив дереккөздерiн талдау болып табылады.

Алғыс: Жарияланым Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, ЖТН BR10164212 жобасы шеңберінде дайындалды.

Сiлтеме жасау үшiн: Төлегенұлы Қ., Кукушкин А.И., Кулжанова Б.Т. Теңіз-Қорғалжын өңiрiндегi тарихи ескерткiштердiң зерттелуi: жаңа мәлiметтер. *Қазақстан археологиясы*. 2021. № 4 (14). 92–104-бб. DOI: [10.52967/akz2021.4.14.92.104](https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.92.104)

**Төлегенұлы Қажымұрат¹, Кукушкин Алексей Игоревич²,
Кулжанова Бахытгул Темирбаевна¹**

¹магистр гуманитарных наук, главный инспектор, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок», г. Нур-Султан, Казахстан.

E-mail: tkazhymurat@mail.ru

²доктор философии (PhD), старший научный сотрудник, Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, г. Караганды, Казахстан. E-mail: sai@ksu.kz

¹научный сотрудник, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок», г. Нур-Султан, Казахстан. E-mail: b_kulzhanova@mail.ru

**Исследование исторических памятников
Тениз-Коргалжынского региона: новые данные**

Аннотация: Тенгиз-Коргалжынский регион обладает богатым ландшафтом и разнообразием флоры и фауны. На данной территории сосредоточено множество памятников историко-культурного наследия. Среди них: Бытыгай, Сулу там, Сырлы там, Алып томар, Беспакыр, Жанибек-Шалкар. Первые исследования здесь проводились в 1950–1970 гг. Центрально-Казахстанской археологической экспедицией под руководством А.Х. Маргулана, экспедицией Евразийского Национального университета под руководством М.Е. Елеуова (2000 г.), а также экспедицией РГК «Казреставрация» под руководством М.К. Сембина (2007 г.). Новые данные также были получены в ходе исследований Есильской археологической экспедиции под руководством М.К. Хабдулиной. В полевом сезоне 2021 г. сотрудниками Государственного историко-культурного музея-заповедника «Бозок» под руководством С.К. Сакенова и М.К. Семби проведены археологические раскопки на территории средневекового городища Бытыгай. В работе особое внимание уделено изучению военно-топографических, экологических, сейсмо-геологических карт и др. Следует отметить, что исторические и политические события в этой области напрямую связаны с названиями населенных пунктов и исторических памятников, которые, с одной стороны, были вовлечены в процесс решающих событий Великой степи, с другой, – имели важное значение в формировании будущего казахского народа. Работа представляет собой анализ разнонаправленных архивных источников, редко использованных ранее в исторических трудах.

Благодарности: Публикация подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, ИРН проекта BR10164212.

Для цитирования: Толегенулы К., Кукушкин А.И., Кулжанова Б.Т. Исследование исторических памятников Тениз-Коргалжынского региона: новые данные. *Археология Казахстана*. 2021. № 4 (14). С. 92–104 (на каз. яз). DOI: [10.52967/akz2021.4.14.92.104](https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.92.104)

Kіріспе

Сарыарқадағы тың зерттеулерді талап ететін өңірдің бірі Қорғалжын. Бұл Қазақстанның далалық белдеуінде, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында (орыс жазбаларында Тәшкент күрежолы (Ташкентский тракт) орналасқан бірден бір аймақ. Теңіз-Қорғалжын көлдерінің батысы және шығысы арқылы далалық керуен жолдары өтеді. Біріншісі солтүстік-батыстағы Атбасар, Мұзбел үстірті арқылы өтетін үлкен керуен жолы болса, екіншісі Теңіз-Қорғалжын көлдерінің шығысында орналасқан сортаң жазықты, шағын көлдерді аралай өтетін кіші керуен жолы. Екеуіде

Бетпак даланы жарып өтіп, Қазақ жазирасының оңтүстігі арқылы Ұлы Жібек жолына қосылады.

Мақалаға арқау болып отырған Теңіз-Қорғалжын аймағы Шығыс Дешті Қыпшақ даласының кіндігінде жатыр. Шығыс Дешті Қыпшақта Жошы Ұлысының негізі қаланып, далалық көсемдердің тұрақты мекеніне айналды. Моңғол шапқыншылығынан кейін Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) аумақтық жағынан – Батыс Дешті Қыпшақ және Шығыс Дешті Қыпшақ деп аталатын екі бөлікке бөлініп, Жошы Ұлысының оң және сол қанаттарын құрады [Арсланова 1990: 7].

Зерттеуші Қ. Өскенбай өзінің «Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи» атты монографиясында Шығыс Дешті Қыпшақта Моңғол империясының қалыптасуы, Жошы Ұлысы мен оның Ордалық балалары Бату, Шибандардың құрған ұлыстары туралы жазады. Осы еңбекте ғалым шығыс Дешті Қыпшақтың аумағы туралы: «Шығыс Дешті Қыпшақ – қазіргі Қазақстанның көп бөлігін және кейбір іргелес облыстарды қамтитын кең байтақ тарихи-географиялық аймақ. Оның шекараларын ең маңызды өзен артериялары арқылы анықтауға болады. Шығыста – Ертіс және Аягөз өзендері, оңтүстік-шығыста – Балқаш көлінің солтүстік жағалауы, оңтүстігінде – Сырдарияның орта ағысы, батыста – Арал-Каспий өңірі мен Еділ өзені арасындағы Жайық өзені; солтүстікте шамамен Батыс Сібір ойпатының оңтүстік шекараларымен шектелді. Кейбір зерттелген тарих кезеңдерде бұл аумақ Ақ-Ордадағы әскери-саяси жағдайға байланысты тарылып немесе кеңейіп отырды» - деп атап өтеді [Ускенбай 2013: 9].

Ортағасырлық деректерге сүйеніп жазған Б.А. Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты ғылыми монографиясына сүйенсек бұл жерлер Алтын Орда, оның ішінде Шайбан ұлысы Мұстафа ханның иелігіне өткенін, Мұстафа хан жеңілгеннен кейін иелік толық Әбілқайыр ханға өткенін байқауға болады [Ахмедов 1965: 43]. Тарихи оқиғаларға толы аумақта Сібір ханы Көшімнің болғаны туралы айтылады (1-сур.).


Зерттеу тарихы

Теңіз-Қорғалжын өңірін зерттеуде Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының 1974 ж. ескерткішке жүргізген қазба жұмыстарының есебі өте маңызды. Ә. Марғұланның тапсырмасымен М.К. Сембиннің баспа машинкасымен теріліп жазылған есептің түп нұсқасы өзінің қолында сақтаулы. Есепте осы аумақтың зерттелу тарихына, әсіресе, патшалық Ресей кезіндегі арнайы экспедициямен келген П.И. Рычков (1762 ж.), К. Миллердің (1738–1739 жж.), Ф. Назаровтың (1813 ж.), Т. Бурнашев пен М. Поспеловтың (1860 ж.), И. Шангиннің (1816 ж.), генерал-майор С.Б. Броневскийдің (1825 ж.), А. Шахматовтың (1831 ж.), А. Козловтың (1840 ж.), Ш.Ш. Уәлихановтың, М.А. Кастаньенің т. б. ғалымдардың еңбектеріне қысқаша сипаттама беріп өтеді және деректерге сілтеме беріліп, шағын талдау жасалады [Сембин 1975: 3–14].

Ә.Х. Марғұланның редакторлығымен шыққан «Древняя культура Центрального Казахстана» атты ғылыми еңбек үшін арнайы дайындалған «Карта маршрутов разведок Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1946–1948 и 1955–1956 гг.» атты картасында* (*Картаның бір түпнұсқасы қазіргі таңда РМҚК «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы архивінде сақтаулы) Сарысу өзенін жағалай Құланөтпес, Қорғалжын, Нұра өзенін бойлап жүріп өткен жол сызбалары көрсетілген [Маргулан и др. 1966: 49].

XX ғ. басындағы кейбір зерттеулерге арнайы тоқталып өткенді жөн көрдік. Ақмола облысының оңтүстігіндегі (Қорғалжын, Атбасар және т. б.) тау жыныстары және оның құрамы мен минералды заттарды тиянақты зерттеген геолог



1-сур. Шибан ұлысы. IV – Мұстафа хан иелігі ([Ахмедов 1965]: бойынша)
 Fig. 1. Shiban ulus. IV – Possession of Mustafa Khan (by: [Akhmedov 1965])
 Рис. 1. Улус Шибана. IV – владения Мустафы хана (по: [Ахмедов 1965])

ғалымдардың бірі тау инженері А.А. Козырев болды [Козырев 1905; 26]. Ғалым өз экспедициясы барысында Теңіз-Қорғалжын өңірінің жер, өзен-көл, елді мекен, кішігірім тау шоқыларының, өткелдерінің атаулары т. б. туралы мәлімет береді. Сонымен

қатар, Ақмола облысының Оңтүстік өңірінің геологиялық картасын жасады. Карта тарихи-этнографиялық тұрғыдан өте құнды. Мұндағы құдықтардың (Көң құдық, Майтөбе ауылының маңындағы құдықтар т. б.), көлдердің аттары (Жәнібек көлі, Ке-

рей көлі, Қоржын көл және т. б.), елді мекен атаулары (Керей ауылы, Қасқа оба, Қыш мұрын, Найза және т. б.) осы өңірдің тарихынан хабар берері сөзсіз. Ғалым тек геологиялық зерттеулер ғана жүргізіп қоймай, Ақмола облысындағы Шортанды ауылының маңында Қара-ағаш атты ескертішке археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Есіл өзені бойында кездесетін қорғандарға қысқаша сипаттама береді [Маргулан 1966: 27–36].

В.К. Фонь-Гернның «Поездка на р. Чу, через пустыню Бетпақдала в сентябрь 1883 года» атты шағын мақаласы осы уақытқа дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ [Фон-Герн 1888: 5–7]. Мақалада экспедиция Ақмоладан шығып Нұра, Құланөтпес маңында болғаны, Ортау, Ақтау, Көктіңкөлі маңынан қазақ қыстаулары көптеп кездесетіні туралы сөз болады. Картада осы аумақтардың атаулары жазылған.

1879–1889 жылдардың аралығында Ресей империясында оба ауыруын толық тоқтату мақсатында арнайы экспедиция жасақталып, 1889 ж. Ақмола және қазіргі Қазақстанның солтүстік өңірлеріне жетті. Малдәрігерлерінің зерттеулері негізінде жазылған В. Михайловтың «Киргизские степи Акмолинской области» (Ақмола облысындағы қазақ даласы) атты мақаласында Ақмола облысының солтүстік өңіріндегі қыстаулар және онда қоныстанған рулар туралы айта кетіп, қыстаулар туралы біраз анығырақ мәліметтер береді. Зерттеушінің айтуынша: «Жалпы қазақ қыстауы отарымен және үйірімен малдарды қамайтын, үйренбеген адам қожайынның үйінінен шығатын есікті таба алмайтындай лабиринт

тәріздес болып келеді. Қазақ байының үй құрылысының ерекшелігі, аула жағы созылыққы көрші үйге тақала орналасады. Ал орта және кедей қазақтарда орманды жердің өзінде болса да ағаштан жасалған үйлер аз кездеседі, үйлерін көбінде шымнан тұрғызады» - деп атап өтеді* (*аударма авторлардікі – ред.) [Михайлов 1893: 87].

Теңіз-Қорғалжын өңірінің жер-су атауларынан хабар беретін еңбектерге осы аумақтың өсімдіктер әлемін зерттеген ғалымдардың еңбектерін жатқызуға болады. Олардың қатарына: Б. Федченконың «Список растений, собранных экспедиций П.Г. Игнатова для исследования озер Акмолинской области в 1899 году» [Федченко 1902: 7–10], М. Сиязовтың «Флора степей юга Акмолинской области (по материалу, собранному П.В. Степановым)» еңбектерін жатқызуға болады [Сиязов 1902: 52–60].

Француз ғалымы И.А. Кастаньенің қазақ даласына жүргізген экспедициясынан тарихи-этнографиялық тұрғыда мол мәлімет алуға болады. Әсіресе ғалымның «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» атты 1910 ж. Орынбор ғылыми архивтік комиссиясының жинағының XXII томында басылып шыққан еңбегінде Қазақстан аумағында кездесетін тарихи құрылыстар туралы айтылады [Кастанье 1910: 109]. Жұмыста Арал-Сырдария, Түркістан өңірінің қалалық мәдениеті (Сығанақ, Сауран, Түркістан және т. б.), кесенелер, Қазақстан территориясының Орталық, Солтүстік өңірлері, қазіргі Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарының орманды, далалық аумағының (Сарыарқа)

архитектуралық ескерткіштері (Ботағай, Калбасун мұнарасы, Кент қаласы, қорғандар, көне кен өндірісі болған аумақтар және т. б) туралы деректер бар. Оның ішінде, біздің зерттеу жұмысымызға негіз болып отырған Ботағай (Татағай) кесенесі туралы да ақпарат кездеседі. Ботағай жайлы зерттеулерге шолу жасап өтіп, оның маңында орналасқан Жақсы көң, Мамай мола ескерткіштеріне де тоқталады.

Сібір жылнамаларындағы карталарға көз жүгіртсек, оларда басқаша атаулар ұшырасады. XVII–XVIII ғғ. С. Ремезов жинақтаған “Чертежная книга Сибири” [Ремезов 1701 (1882): 44] атты жинақта “озеро Кургалчи” немесе «Коргалчы» деп кездеседі (2-сур.), осымен қатарлас жинақталған XVII ғ. жататын “Кунгурский летописе”, “Кургалчи” атауы берілген [Кунгурская 1880: 36]. 1739 ж. Номанн Ербен-нің Ресей империясының картасында да “Chord Golchi-яғни «коргалчи» деп жазылған (3-сур.) [Номанн 1739: 1]. Бұл картаның бір ерекшелігі картада “коргалчи” дегенді көл ретінде емес жер атауы ретінде көрсетіп және оның жанында “Kamysch Nor” (біздің ойымызша Қамыстыкөл) деген көл бар екенін, оған Нұра өзені құятыны көрсетілген. Қамысты көл деп отырған қазіргі Теңіз көлі болуы мүмкін. Себебі Теңіз көлінің айналасында қамыс көп өседі. Ал Коргалчи дегеніміз қазақтың «қорғал» немесе «қорған» сөзінен туындаған «қорғалшы», «қорғаншы» сөздерін тудыруы мүмкін. Карта туралы алғашқы мағлұматтар қалмақтар Сарыарқаға енді келе бастағанда немесе одан бұрын жинақталған болса керек. Ақмола өңірін зерттеп жүрген ғалым Ж. Артықбаев: «Теңіз бен

Қорғалжын бір су айдыны болғаны сөзсіз» - дей келе, «ал Қорғалжын көл емес қопа яғни, балшықты сазы мен қамысы аралас жер» дегенді келтіреді [Артықбаев 2021: 258].

1762 ж. Рычковтың “Топография Оренбургского края” атты еңбегінде Бытығай храмының шығысынан батысына қарай 600–700 м созылған көне кірпішпен қаланған қирандылардың орыны болғаны айтылады [Рычков 1887]. Біздің ойымызша «Қорғалшы» немесе «Қорғаншы» болуы мүмкін деп жорамалдап отырған Қорғалжынның Бытығаймен тікелей байланысы бар деген болжам жасауға негіз бар. Сонымен қатар, 2-сур. берілген каратада Қорғалжын көлінің сол жағында Нұра өзенінің бойына жақын мешіттің сызбасы көрсетілген.

Тәуелсіздіктен кейінгі зерттеулер

Ботағай кесенесінен шығысқа қарай 10 м жердегі нысанға М. Елеуовтың жетекшілігімен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенттерімен бірге 2000 ж. маусым–шілде айларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі қарастырылды. Есепте: «Кесене құландысынан 10 м жердегі нысан дөңгелек болып келген, көлемі 30 м, биіктігі 1–1,2 м. Мекеннің (тас қоршау) солтүстік-шығыс бөлігінде есік тәрізді ойпаң жер бар, оның ұзындығы 11 м, ені 2–3 м, тереңдігі 0,3–1 м. Қазба барысында 0,2–0,3 м тереңдіктен қаланған тастар шыға бастады. Қазбадан көлемдері 10×20×5–10; 20×30×10–12; 20×40×10–15; 25×50–60×15–20 см келетін жалпақ тастардан қаланған, ені 2,5–3 м, дөңгелек құрылыс ашылды, оның аумағы 32 м² (ұзындығы солтүстіктен оңтүстікке қарай – 24 м,



2-сур. Ремезовтың «Чертежная книга Сибири» жылнамасынан алынған Қорғалжын өңірінің картасы (картада Коргалчи көлі мен ескі мешіт белгіленген)

Fig. 2. Map of the Korgalzhyn region from the collection “Drawing book of Siberia” by Remezov. On the map is Lake Korgalchi and an old mosque

Рис. 2. Карта Коргалжинского района из летописи Ремезова «Чертежная книга Сибири» (на карте отмечены озеро Коргалчи и старинная мечеть)

шығыстан батысқа қарай – 23 м). Бытығай мекенінде қазба жұмыстары аяқталған жоқ, ашыла бастаған тас қоршаудың қашан салынғаны, оның атқарған қызметі туралы болжам жасауға әлі ерте» дей келе, зерттеуші Мадияр Елеуов тас қоршаулары бар нысанның керуен жолында орналасқанын ескере отырып, оның өртеніп кеткен «қарауыл мұнарасы болуы мүмкін» деп қорытынды жасады [Елеуов 2000: 7–18]. Толық қазылмаған нысанда ары қарай зерттеу жұмыстарын жалғастыру, белгісіз мекеннің қай мерзімге жататынын, қандай құрылыс екенін анықтау, сонымен қатар консервация және реставрация жұмыстарын жүргізу алдағы уақыттың еншісінде.

Қорғалжын өңірін зерттеуде карталардың өзіндік алар орны бар. Онда кездесетін жер-су атаулары «Қорғалжын», «Қорғалшы», «Қорғаншы» атауын анықтауда көмегін тигізді. Қорғалжын тарихқа толы бай өңір. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда қорғасынның үлкен қоры болған екен содан “қорғасын”, одан “қорғалжын” атауы шыққан десе, енді бірі “қасиетті жер екен, қарасуды теріс ағызатын молдалар болған олар жындармен байланыс орнатқан содан “қорғалжын” сөзі қалған дейді. Кейбір зерттеушілер “қорғалжын” бұл қалмақ сөзі деген тұжырым жасайды [Артықбаев 2021].

2021 ж. «Бозоқ» музей-қорығы «Теңіз-Қорғалжын ойпа-



3-сур. 1739 ж. Homann Erben картасы
(картада «Chord Golchi» яғни «коргалчи» деп берілген)

Fig. 3. 1739 Map of Homann Erben (it says “Chord Golchi” or “korgalchi”)

Рис. 3. Карта Homann Erben 1739 года
(на карте отмечен «Chord Golchi», т.е. «коргалчи»)

тының ортағасырлық тұрғын үй архитектурасының дәстүрлі түрлері: эволюцияның бастаулары мен ерекшеліктері» атты мемлекеттік жоба аясында Бытығай кесенесінен солтүстіке қарай 70 м жерде орналасқан нысанға қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында өндіріс және шағын құрылыстың орыны ашылды. Қазба кезінде табылған жәдігерлерге қарап осы аумақта тұрақты қалалық мәдениет болғанын байқаймыз. Бытығайдағы өндіріс орынында жасалған құрылыс және сәндік материалдар облыс аумағында орналасқан басқа да кесенелер мен бейіттердің қасбеттерін безендіруге пайдаланылған. Бытығай обасынан солтүстік-шығысқа қарай 17 шақырым жерде орналасқан Жәнібек-Шалқар кесенесі аумағынан табылған заттар дәлел болады. Ескерткіштің зерттелуі портал-күмбез бөлігін салу мен жобалауда

көгілдір глазурьмен қапталған кірпіш пен плиткалар пайдаланылғанын көрсетті. Онда жылтырап жалатылған жасыл және көгілдір түсті плиткалар, өсімдік, геометриялық және эпиграфиялық элементтермен үйлесетін ою-өрнекті тақтайшалар бар [Ярыгин 2011: 384–391].

Бұл бұйымдардың безендірілуі мен жасалу технологиясын талдау ескерткішті XIV–XV ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді және Тимуридтер архитектурасының сәндік үлгісімен байланыстыруға болады. XIV ғ. бірінші жартысындағы Орталық Азияның сәулет өнерінде жылтыратылған, ойылған және бедерлі терракоталық плиткалар белсенді қолданылды. Боялған майолика техникасын қолдана отырып, керамикалық бұйымдарды жасау технологиясы және үйдің қабырғалары үшін силикат негізіндегі мозаика сылағы сияқты сәндік жабындарды қолдану

да қарқынды дамыды [Сакенов и др. 2021: 268–279]. Бұл архитектуралық стильдің гүлденуі және осы құрылыс материалдарының шығарылуы Әмір Темірдің (1336–1405) билік еткен кезеңімен байланысты. Дәл Тимуридтер мемлекетінде сәулет және әрлеу жұмыстарына арналған керамика өнеркәсібінің тұтас желісі пайда болды және дамыған.

Қазақстан аумағында сәулеттік стильдің таңғажайып ерекшеліктерімен сәйкес келетін осы кезеңнің ескерткіштері еліміздің әртүрлі аймақтарында кездеседі: батыста Жайық қонысы, Абат Байтақ кесенесі, солтүстікте – Қызыл-Оба қалашығы мен кесенесі, шығысында – Қалбасын мұнарасы, оңтүстікте – Кердері 2 кесенесі және Отырар оазисінің ескерткіштерін жатқызамыз. Қазақстан тарихы мен мәдениетінің аталған барлық ескерткіштерін бір мемлекеттік құрылым – Ұлы Ұлыс біріктіреді, сонымен қатар біртұтас архитектуралық стиль, мұсылмандық мәдениет біріктіреді және олар керуен жолдарының қиылысында орналасқан. Сонымен қатар атап өтетін тағы бір ерекшелігі орта ғасырға тән осы ескерткіштердің көбі флорасы мен фаунасы әсем, табиғаты тамаша жерлерге жақын орналасқан. Атап айтсақ, атақты Сарайшық қалашығы Жайық өзенінің оң жағалауында, ежелгі Жайық қонысы – Шаған өзенінің бойында, ортағасырлық Бозоқ қалашығы – Бұзықты көлдерінің шығыс жағалауында, Орталық Қазақстандағы Ұлытау таулы-орман массивіндегі Аяққамыр, Басқамыр ежелгі қоныстары және Жошы хан кесенесі, ал Оңтүстік Қазақстандағы қалалар мен кесене Отырар оазисінде шоғырланған, Теңіз-Қорғалжын айма-

ғының ландшафтында бой тепкен Бытығай қалашығы да осыдан тыс қалмады.

Қазақ халқының қалыптасуы, Сарыарқаны мекендеген қазақноғай елінің қилы тарихы бізге жеткен фольклорда кең көрініс табады. Қорғалжың мен Нұра-Есіл аумағы қазақ ауыз әдебиетіндегі «Орманбет хан өліп, он сан ноғай ыдыраған кезден бергі» заманға сай келеді [Ер Шора 2007]. Қазақ пен Ноғайдың (маңғыттар) бөлінуі Жошы Ұлысының соңғы кезеңіне, әсіресе Көк орда мен Ақ орда уақытына сәйкес келеді. Сондықтан алдағы уақыттағы зерттеулерде фольклорлық деректерді салыстыра отырып ғылыми айналымға енгізген жөн.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Теңіз-Қорғалжын өңірі туралы Патшалық Ресей саяхатшы-ғалымдарының жазбалары ол туралы әр түрлі картографиялық мәліметтер мен кейінгі ғылыми экспедициялар өңірдің тың әрі тиянақты зерттелуінің қажеттігін дәлелдеп отыр. Жоғарыда айтылған картографиялық мәліметтер орта ғасырлық Бытығай қаласының немесе оның маңайында басқада қала және керуен сарай, мешіт сияқты құрылыстардың болғанын дәлеледей түсті. Дегенмен деректердің жеткіліксіздігі нақты тұжырым жасауға мүмкіндік бермейді. Теңіз-Қорғалжын ойпатының тарихи-мәдени құндылығын ескере отырып ортағасырлық Бытығай қалашығының территориясында тұрақты археологиялық қазбаларды жалғастыру келешекте өзекті болып табылады. Алдын-ала археологиялық зерттеулер мәліметтері бойынша

қалашықтың орта ғасырларда маңызды әкімшілік және экономикалық рөл атқарғандығы жөнінде айта аламыз. Алынған деректерге сүйене отырып, Бытығай қаласындағы зерттелген өндірістік цехты XIV–XV ғасырларға жатқызуға болады. Орта ғасырлардағы Сарыарқаның маңызды қолөнер орталықтарының бірі болып саналып, қалашықтың материалдары Сарыарқаның далалық бөлігінің ортағасырлық археологиясының өзекті мәселелерін көтереді. Болашақта солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық тарихы бойынша келесі сұрақтарды қарастыру маңызды: Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан ортағасырлық қалалардың функционалдық мағынасын анықтау; жазық далада орналасқан

қалашықтарды анықтау үшін әр түрлі сала мамандарын тарта отырып, кешенді экспедиция ұйымдастыру; анықталған қалашықтардың экологиялық бұзылу себептерін ескере отырып, тұрақты әрі кешенді зерттеу жұмысын жүргізу, сақтау және қайта қалпына келтіру; Ортағасырлық дала қалашықтарының мәдени қабаттары Жошы Ұлысы және Ноғай мен Қазақ хандығы, Сібір хандығы, Көшпелі өзбектер мемлекеті сияқты бірнеше мемлекеттік құрылымдарды қамту.

Теңіз-Қорғалжын, Ұлытау-Жезқазған және Сілеті-Есіл аймақтарындағы орта ғасырлық ескерткіштерді кешенді зерттеу болашақта Сарыарқаның далалық мәдениетінің даму тұжырымдамасын дайындауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Арсланова А.А. Кыпчаки и термин Дашт-и Кыпчак (по данным персидских источников XIII–XVIII вв.) // Национальный вопрос в Татарии дооктябрьского периода. Казань, 1990. С. 4–20.
2. Артықбаев Ж.О. Есіл-Нұра – екі су. Ақмола облысы жер-су атауларының құпиясы. Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021. 368 б.
3. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М.: Наука, 1965. 193 с.
4. Елеуов М. Сарыарқа мен Шу, Талас, Келес өңірлерінің ортағасырлық қалалары, мекендері және керуен жолдары. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Астана, 2000. 340 с.
5. Ер Шора // Бабалар сөзі: 100-томдық. Астана: «Фолиант», 2007. 45-т.: Батырлар жыры. 464 б.
6. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края / сост. И.А. Кастанье, вице-президент ОАУК, хранитель Музея. Оренбург: типография товарищества «Каримов, Хусаинов и К», 1910. Т. XVIII. 332 с.
7. Козырев А.А. Гидрогеологическое описание южной части Акмолинской области. СПб.: товарищество Р. Голике и А. Вильборг, 1911. 652 с.
8. (Кунгурская) Краткая сибирская летопись / [авт. предисл. кор. Археогр. комиссар А. Зост]. СПб.: типография Ф.Г.Елконского, 1880. 87 с.
9. Қазақтың түп атасы батыр түрік // Бабалар сөзі: 100-томдық. Астана: «Фолиант», 2006. 32-т.: Шежірелік дастандар. 400 б.
10. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: изд-во «Наука», 1966. 436 с.
11. Михайлов В. Киргизские степи Акмолинской области (по обследованиям ветеринарных врачей) // Записки Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Кн. 15, вып. 3. Омск, 1893. 87 б.

12. Ремезов С.У. Чертежная книга Сибири. СПб.: изд-во С. Ремезова, 1701 (1882). 50 с.
13. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии (Сочинение П.И. Рычкова 1762 года). СПб.: изд-во Императорской Академии наук, 1776. 405 с.
14. Сакенов С.К., Кукушкин А.И., Бурбаева С.Б., Букешева Г.К., Рахманкулов Е.Ж. Исследование средневекового производственного цеха на городище Бытыгай // Теория и практика археологических исследований. 2021. Т. 33, № 4. С. 268-279.
15. Сембин М.К. Мавзолеи Ботагай, Сырлы-Там, Сулу-Там (историко-археологические материалы). Отчет проектно-сметного отдела Научно-реставрационного отдела Министерства культуры КазССР. Алма-Ата, 1975. 80 с.
16. Сиязов М. Записки Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Кн. 29. Омск, 1902. С. 55-85.
17. Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи. / Ред. И.М. Миргалеев. Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2013. 288 с.
18. Федченко Б. Список растений, собранных экспедиций П.Г. Игнатова для исследования озер Акмолинской области в 1899 году // Записки Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Кн. 29. М.: Синод. тип., 1901. С. 93-161.
19. Фон-Герн В.К. Поездка на р. Чу, через пустыню Бетпак-дала в сентябрь 1883 года // Записки Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Кн. 10. Омск: типография Округн. штаба, 1888. С. 1-24.
20. Ярыгин С.А. Исследования мавзолея XV века на озере Жанибек-Шалкар // Маргулановские чтения-2011: м-лы междунар. археол. конф. (г. Астана, 20–22 апреля 2011 г.). / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2011. С. 384-391.
21. Нотман Е. Imperii Russici et Tatariae universae. Tabula. [Карта Российской империи и Тартарии]. 1739.

REFERENCES

1. Arslanova, A. A. 1990. In: *Natsionalnyy vopros v Tatarii dooktyabrskogo perioda (National issue in the Tatar in the period before October)*. Kazan, 4-20 (in Russian).
2. Artykbayev, Zh. O. 2021. Esil-Nura – eki su. Aqmola oblysy jer-su ataularinin qupiyasy. (*Esil-Nura - two waters. The secret of land and water names of Akmola region*). Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University (in Kazakh).
3. Akhmedov, B. A. 1965. *Gosudarstvo kochevykh uzbekov (State of nomadic Uzbeks)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
4. Eleuov, M. 2000. Saryarka men Chu, Talas, Keles onirlerinin ortagasyrlyk kalalary, mekenderi zhane keruen zholdary (*Medieval cities, settlements and caravan routes of Saryarka and Shu, Talas, Keles regions*). Report on research work. Astana (in Kazakh).
5. Er Shora // *Babalar sozi*: in 100-vol. 2007. Astana: “Foliant” Publ., vol. 45: Batyrlar zhyry (in Kazakh).
6. Kastaniye, I. A. 1910. *Drevnosti Kirgizskoy stepi i Orenburgskogo kraya (Antiquities of the Kyrgyz steppe and the Orenburg region)*. Orenburg: “Karimov, Khusainov i K” Publ., XVIII (in Russian).
7. Kozyrev, A. A. 1911. *Gidrogeologicheskoye opisaniye yuzhnoy chasti Akmolinskoy oblasti (Hydrogeological description of the southern part of the Akmola region)*. Saint Petersburg (in Russian).
8. Zost, A. (ed., compl.). 1880. (*Kungurskaya*) *Kratkaya sibirskaya letopis ((Kungurskaya) Brief Siberian Chronicle)*. Saint Petersburg: “F.G. Elkonsky” Publ. (in Russian).
9. In: *Babalar sozi*: in 100 vol. 2006. Astana: “Foliant” Publ. Vol. 32: Shezhirelik dastandar (in Kazakh).

10. Margulan, A. Kh, Akishev, K. A., Kadyrbayev, M. K., Orazbayev, A. M. 1966. Drevnyaya kultura Tsentralnogo Kazakhstana (*Ancient culture of Central Kazakhstan*). Alma-Ata: “Nauka” Publ. (in Russian).
11. Mikhailov, V. 1893. In: Notes of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society. Book. 15, no. 3. Omsk (in Russian).
12. Remezov, S. U. 1882. Chertezhnaya kniga Sibiri – 1701 (*Drawing book of Siberia – 1701*). “S. Remezov” Publ. (in Russian).
13. Rychkov, P. I. 1887. Topografiya Orenburgskoy gubernii (*Topography of the Orenburg province*). Saint Petersburg: Imperial Academy of Sciences (in Russian).
14. Sakenov, S. K., Kukushkin, A. I., Burbayeva, S. B., Bukesheva, G. K., Rakhmankulov, Ye. Zh. 2021. In: *Teoriya i praktika arkheologicheskikh issledovaniy*, vol. 33, no. 4, 268-279 (in Russian). DOI: 10.14258/33(4).-15.
15. Sembin, M. K. 1975. Mavzoley. Botagay, Syrly-tam, Sulu-tam (Istoriko-arkheologicheskiye materialy) (*Mausoleum. Botagay, Syrly-tam, Sulu-tam. (Historical and archaeological materials)*). Alma-Ata (in Russian).
16. Siyazov, M. 1902. Zapiski Zapadno-Sibirskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva (*Notes of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society*). Book. 29. Omsk (in Russian).
17. Uskenbay, K. Z. 2013. Mirgaleyev, I. M. (ed.). Vostochnyy Dasht-i Kypchak v XIII – nachale XV veka. Problemy etnopoliticheskoy istorii Ulusa Dzhuchi (*Eastern Dasht-i Kypchak in the 13th – early 15th centuries. Problems of the Ethnopolitical History of Ulus Jochi*). Kazan: “Fen” Publ. (in Russian).
18. Von-Gern, W. C. 1888. In: Notes of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society. Book. 10. Omsk (in Russian).
19. Fedchenko, B. 1902. In: Notes of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society. Book. 29. Omsk (in Russian).
20. Yarygin, S. A. 2011. In: Khabdulina, M. K. (ed.). *Margulanovskiye chteniya–2011 (Margulan readings–2011)*. Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 384-391 (in Russian).
21. Homann, E. 1739. Imperii Russici et Tatariae Universae. Табула (Map of the Russian Empire and Tartaria) (in Latin).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 21.10.2021.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 24.12.2021.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.12.2021.